

АВАЙ 95

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің газеті

UNIVERSITY



Дай күні

2
бет

Ұстаз

3
бет

ғылыми
кітапхана

4
бет



№06-07
(231)

тамыз
август

2023

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ЖОЛДАУ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН
ЗОР ҮІҚЫЛАСПЕН ТЫҢДАДЫ



1 қыркүйекте Парламент палаталарының берлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты кезекті Жолдауын жасады. Жолдауда мемлекетіміздің алдағы даму стратегиясы мен болашақта бетбүрудың негізігі басымдықтарынайқындаған берді.

Мемлекет басшысының елді одан әрі дамыту үшін ең маңызды және нақты тапсырмалары, ең алдымен, халықтың әл-ауқатын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар, бұган ықпал ететін салаларға, атап айтқанда, деңсаулық жүйесінің тиімділігін арттыру, салапал біліммен қамту, еңбек нарығында тиімді жүйе құру, одан өзге энергетика, газ, су, әскер ғылымы, көлік және логистика мәселелеріне де тоқталды. Сонымен бірге цифрландыру және инновацияларды енгізу бағыттарына да ерекше ден қоятынын айтып, Қазақстанды IT елге айналдыру керегін және ол стратегиялық міндеп екенін атап етті. Жолдауда Президент білім саласының жақсаруы мен мұғалімдерді қолдауға тағы да ерекше назар аударды.

Осы Жолдаудың жариялануымен ел дамуының шешуші кезеңіне қадам басқан, тәуелсіз еліміздің тұрақты дамитын ел экономикасын құрудағы, деңсаулық, білім, ғылым саласындағы негізгі қажетті бастамаларын жүзеге асыру үшін ұзақ мерзімді мақсаттар мен басымдылыққа жету бойынша жасампаз процесс басталды деуге толық негіз бар. Жолдауды тыңдауға Абай университетінің ұжымы – Басқарма тәрағасы-ректоры м.а. К.Исакова бастаған институт директорлары мен сала басшылары, профессор-оқытушылар құрамы, студенттер мен магистранттар қатысыптырды.

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТОП-5 ҰЗДІК УНИВЕРСИТЕТЕРИНІҢ ҚАТАРЫНДА

Абай атындағы ҚазҰПУ жыл сайынғы жетістіктерін көрсетуді жалғастыруда.

Әлемдегі ең үздік оқу орындары веб-сайттарының халықаралық рейтингі - Webometrics Ranking of World Universities-2023 (шілде) жарияланды. Бұл рейтинг университет веб-сайтының өзектілігін және оның зерттеуші ғалымдарының Scopus және Google Scholar ғылыми-метрикалық жүйелеріндегі жарияланымдарын ескеретін біріктірілген көрсеткішке негізделген жаһандық рейтинг.

Жаңа Webometrics деректері бойынша Абай университетті 5-ші орынды (2022 ж.: 7-ші және 10-шы орын) иеленіп, еліміздің ТОП-5 ұздік университеттінің қатарына енді. Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындары арасында 1-орынға ие болды. Impact көрсеткіші бойынша Абай университетті қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 2-орында. Университеттің веб-сайты ұлттық және халықаралық рейтингтерде де жоғары көрсеткіштерге ие.

Абай атындағы ҚазҰПУ жыл сайынғы жетістіктерін көрсетуді жалғастыруда, бұл оның әлемдік жоғары білім беру жүйесіндегі тұрақтылығын тағы да раставайды. Халықаралық рейтингтерге қатысу университеттеге әлемдік ғылыми кеңістікте белсенді орналасуға, оның халықаралық білім беру ортасына енүй қамтамасыз етуге, білім беру және ғылыми процестерді халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес үйлестіруге, ұсынылатын білім беру қызметтерінің саласын арттыруға және даму үшін жаңа перспективалар ашуға мүмкіндік береді.

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ



Құрметті студенттер, оқытушылар және қызметкерлер!

Баршаңызды көптен күткен мереке - Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн бізге білім берудің шексіз күшін, білім мен өсүре деген ұмтылысты еске салады.

Жаңа оқу жылы - академиялық және кәсіби өмірімізде жаңа тарауды бастау мүмкіндігі. Сіздердің қызықты сынақтар, қызықты зерттеулер және білім ғылым саласындағы көкжие-теріңдің кеңейту мүмкіндігі күтіл түр.

Естерінізде болсын, білім - ұрлауға болмайтын қазына, ол әрқашан сіздермен бірге болады. Жаңа білімге жасалған әрбір қадам алға қойған мақсаттарыңызға жақыннатады. Өз қабілеттеріңізге сенімді болуға тырысып, қанша күш-жігерді қажет етсе де, алға ұмтылудан қорықпаңыздар.

Жаңа оқу жылы құтты болсын! Сіздерге көптеген қызықты жаңа қызықтытар, таңғажайып сәттер және жеке жетістіктер әкелсін. Жаңа биіктеге ұмтылуға және алдарыңызға өршіл мақсаттар қоюдан қорықпаңыздар.

Абай университетті барлық тарарап үшін оқу мен жұмыстыңызға ынғайлы етуге қолдан келгеннің бәрін жасайды.

Білім күні құтты болсын!

Құрметпен, Абай атындағы ҚазҰПУ
Басқарма тәрағасы - ректоры м.а.
Клара Исакова



УНИВЕРСИТЕТ ШЕЖІРЕСІ

Қазақстан ғылыми мен мәдениетінің дамуына лайықты үлес қосқан және күні бүгінге дейін педагог мамандар даярлау ісімен үздіксіз шұғылданып келе жатқан қазақтың тұңғыш жоғары оқу ордасы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің құрылғанына биыл 95 жыл толып отыр. «Елу жылда – ел жаңа» дейді халық даналығында. Осынау жылдарда аға буынның бірнеше легі ауысып, жас үрпақтың көптеген бұныны тарих сақнасына шықты. Қазақ қоғамы ғасырларға таттыны аса ауқымды өзгерістерді бастан кешірді. Олай болса, қазақ жоғары оқу орындарының қара шаңырағы тарихына қатысты кейір деректер мен мәліметтердің қысқаша нұсқада оқырман назарына ұсынғанады және көріп отырмыз.

● 1928 жылы 10 шілдеде Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кенесі Алматы қаласында тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ Мемлекеттік университеттің (ҚазМУ) құру туралы қаулы қабылдады.

● 1928 жылы 1 қазанда ашылған жоғары оқу орында алғашқы болып физика-техника, тіл және мәдениет, сондай-ақ жаратылыстану бөлімдерінен құралған «педагогикалық факультет» өз жұмысын бастады.

● Қазақтың тұңғыш оқу орнын үйімдастырып, аяғынан тұрғызыда үлкен еңбек сіңірген, алғашқы ректоры болған көрнекті мемлекет қайраткері, профессор Санжар Сейітжапарұлы Асфендияров.

● 1928-1929 оқу жылының қыркүйек-қазан айларында университеттеге білім алуға 124 студент ниет білдірген, оның 96-сы үл, 28-і қыз бала болды. Тұрлі үлт екілдерінен тұрған студенттер құрамында 76 қазақ, 42 орыс, 3 татар, 2 еврей, 1 неміс баласы оқыған.

● 1928-1929 оқу жылында ұстаздар құрамы 9 адамнан тұрды. Олардың арасында 3 профессор – Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Николай Фатов, 4 доцент – Едіре Мансұров, Халел Досмұхамедұлы, Әлімхан Ермеков, Василий Потапов, 2 ассесент – Борис Ровинский, Владислав Дубощин болды.

● Оқу орны 1930 жылы 25 желтоқсанда Қазақ Мемлекеттік педагогика институты (ҚАЗМПИ) болып қайта құрылды.

● 1931 жылы 27 желтоқсанда институттың тұңғыш бітірген 59 студент түлеп үшты, оның 42-сі ер бала, 10-ы қыз бала білім әлеміне жолдама алды.

● Оқу орнының тұңғыш түлектері 5 мамандық бойынша білім алып шықса, оның ішінде тарих-экономика бөлімшесін 21 адам, әдебиет-лингвистика бөлімшесін 11 адам, физика-математика бөлімшесін 10 адам, биология бөлімшесін 8 адам, химия бөлімшесін 9 адам бітірді.

Стратегия департаменті

ABAI UNIVERSITY

QS World University Rankings 2024 жаһандық рейтингінде

QS World University Rankings-2024 Халықаралық рейтингінің нәтижелері жарияланып, Абай университетті 681-690 позициясын иеленді. Рейтингке барлығы 104 елден 2963 университетті қатысты, олардың 1500-i рейтингте. Жаһандық университеттер рейтингінде Қазақстаннан 21 жоғары оқу қызысып, оның ішінде Абай атындағы ҚазҰПУ ылтырығы 6-шы орынды сақтап қaldы.

Биылғы жылы рейтингтің 20 жылдығына орай QS WUR әдістемесін үш жаңа көрсеткішпен толықтырылды: Халықаралық зерттеу желісі, Жұмыспен қамтамасыз және Тұрақты даму.

Осылайша, QS WUR 2024 рейтингінде енді 6 дәстүрлі және 3 жаңа көрсеткіштерге негізделген, бұл ез кезегінде рейтингтегі позициялардың динамикасына айтарлықтай әсер етті. Осылайша, тұтастай алғанда, қазақстандық сегментте өткен жылмен салыстырығанда позицияларды жоғалту бағытында ығысы байқалды, бұл жаңартылған әдістемедегі зерттеу компонентінің басым болуымен байланысты.

Әлемдік университеттердің бестігіне MIT, Кембридж, Оксфорд, Гарвард және Стенфорд кіреді.

Басы. Жалғасы келесі беттерде

- 1932 жылы институтта өндірістен қол үзбей мамандар даярлау мақсатында кешкі оқу бөлімі үйімдестерилді.

- 1934 жылы 1 қыркүйектен бастап институт күрамындағы 5 бөлімше алғаш рет факультет негізінде қайта құрылып, тұңғыш декандар тағайындалды.
 - ҚазМПИ директорының 1934 жылғы 22 қыркүйектегі 137 бүйрекшімен тіл-әдебиет факультетіне – профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов, Педагогика факультетіне – профессор Шәрапи Есмұхамбейұлы Әлжанов, Физика-математика факультетіне – доцент Сәдуақас Хасенұлы Боқаев, Жаратылыстар факультетіне – аға оқытушы Омар Бөлебайұлы Сарыбатыров, ал Тарих-география факультетіне – профессор Санжар Сейітжапаұлы Асфендияров тағайындалды. Бұлар ҚазМПИ-дің ең алғашқы декандары болатын.
 - 1935 жылы Қазақтың тұңғыш жоғары орнына ұлы ақын Абай есімі беріліп, «Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагогика институты» деген атау алды.
 - 1936 жылы орталau мектептерге арнайы үстаздар даярлау мақсатында Абай атындағы ҚазМПИ-дің жанынан 2 жылдық «Мұғалімдер институты» ашылды.
 - 1937 жылы республикада кең етек алған саяси қуын-сүргігे байланысты Санжар Асфендияров, Құдайберген Жұбанов, Темірбек Жұргенов, Шайхислам Бекжанов, Шәрапи Әлжанов және Сәдуақас Боқаев сынды алғашқы жоғары оқу орнының қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан зиялғы азаматтар «халық жауы» ретінде жұмыстан босатылды.
 - 1938 жылы Абай атындағы ҚазМПИ-дің жанынан тұңғыш аспирантура ашылды. Аспирантура қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ мектептеріне арналған орыс тілі және тарих мамандықтары бойынша ғылыми мамандар даярлау мақсатында жұмыс жүргізді. Бастапқы кезде барлығы 7 аспирант қабылданса, бір жылдан кейін олардыңсаны 22-ге жетті.
 - 1938 жылы «Абай атындағы ҚазПИ-дің ғылыми жазбалары» атты тақырыпта алғашқы жинақ жарыққа шықты.
 - 1939 жылы Абай атындағы ҚазМПИ-дің он жылдық мерейтойын атап өту жөнінде шаралар үйимдастырылды. Осы жылы оқу орнына Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагоготік институты (АлМПИ) деген жаңа атауенгізілді.
 - 1941 жылы Қазақстанға қоныс аударған көрнекті ғалымдар –КСРО FA-ның академиктері Н.Н.Баранский, В.Г.Фесенко, профессорлар Г.А.Кокиев, К.П.Персидский, А.А.Глаголов, Р.А.Фридман, П.М.Рубинштейн, И.А.Палунск, Б.А.Воронцов-Веляминов, Н.Ф.Бельчиков, А.С.Бутягин, барлығы 11 ғалым институтқа жұмысқа қабылданды. 1941 жылы 7 наурызда АлМПИ «Мұғалімдер институтымен» бірігіп, нәтижесінде Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институт(АлМПМИ) болып қайта құрылды.
 - 1943 жылы соғыс тудырған қынышлықтарға қарамастан жұмыс бағдарламары мен оқу-әдістемелік құралдарды көпtek жасап, мектептерге таратудағы жетістігі үшін Тарих факультеті тұңғыш рет Қазақ ССР-нің «Ауыспалы Қызыл Туын» жеңіп алды.
 - Ұлы Отан соғысына осы шаңырақтан аттанған 8 азамат Қенес Одағының Батыры атағына ие болды. Олар – Мәлік Ғабдуллин, Рақымжан Тоқтаев, Қанаш Хамзин, Лесбек Жолдасов, Сәду Шәкіров, Ахмедияр Ҳұсайынов, Құдайберген Сұрағанов және Владимир Бреусов.
 - 1949 жылы қаңтар айында институттың құрылғанына 20 жыл толу мерейтойы Абай атындағы Опера және балет театрында салтанатты турде атап өтілді.
 - 1950 жылы институт құрылымында қазақ және орыс болып белініп кеткен факультеттер қайтадан бір шатырдыңастына бірікті.
 - 1954 жылы 20 жылға жуық уақыт бойы республика орта мектептері үшін мұғалімдер даярлау ісімен айналысып келген «Мұғалімдер институты» өз жұмысын тоқтатты.
 - 1956 жылы «Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагоготік институты»(АлМПИ) болып пәнгерді.
 - 1959 жылы республикада жалпыға бірдей міндettі сегіз жылдық білім беруге көшүге байланысты оқу орны «Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагоготік институты» (ҚазМПИ) деген бүрінші атауы қайта қалпына келтірілді.

АТА ЗАҢ – ТҰРАКТЫЛЫҚ КЕПІЛ



29 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында Абай университетінің Тарих және құқық институт директораты «Құқықтану» кафедрасының және Студенттік өзін-өзі басқару үййымының үййымдастыруымен «Ата Заң - тұрақтылық пен дамыту кепілі» тақырыбында дөңгелек устел өтті.

Іс-шара барысында «Құқықтану» кафедрасының аға оқытуышы Адия Касымбек баяндама жасады.

Институт директоры Ғабит Кенжебаев студенттерді, профессор-оқытушылар құрамын, қызметкерлерді және шақырылған қонақтарды еліміздің Конституциясының 28 жылдығымен құттықтап, оның қоғамдағы маңыздылығын атап етті. Тарих және құқық институтының 1-3 курс студенттері баяндамашыға сұраптарын койып, нақты жауаптарын алды.

Нурлан МАНАПОВ

10 тамыз күні Абай Құнанбайұлының туғанына 178 жыл толды. Осылай орай Тәрбие, әлеуметтік даму жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментінің үйімдастыруымен, Ұлы ақынның туған күніне және «Абай күні» мерекесіне орай Абай атындағы ҚазҰПУ басшылығы мен профессор-окытушылар құрамы Абай ескерткішінің алдына гүл шоқтарын қойып, ақынды ұлықтады. Айтулы мерекеге ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті тәрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шынғыс Нұрланов, ҚазҰПУ Басқарма Тәрағасы-Ректордың кеңесшісі Жанатбек Ішпекбаев, ардагерлер кеңесінің тәрағасы Берікжан Әлмұхамбетов, «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, абаитанушы Жабал Шойынбет және университетіміздің белсенді студенттерінің катысуымен етті.

Абай есімнің мақтанышпен алып жүрген университетіміздің ұжымы бүгінгі маңызды мерекемен құттықтады. Бұгінде Абайдың тендересі шығармашылығы халқымыздың рухани мұрасы, әлемдік деңгейдегі кеменгер тұлға ретінде насыхатталуда. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздері, философиялық толғамы өзектілігін жоймаған, үрпақтан күлдекес бағдар болып көздел.

Баспасөз кызметі

ІС - ШАРА

МИНИСТР АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БОЛДЫ!

Жақында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Алматыға сапары аясында Абай университетінде болды.



Министрмен кездесу барысында
ректор Дархан Біләлов университеттеги
инфрақұрылымын дамыту тұжырым-
дамасы туралы толық ақпарат беріп,
«EdSmart Premium LED Doska» интерак-
тивті бейнеказбасының мультимедиа-
диалық студиясы мен KazDual обсервато-
риясының жұмысымен таныстыруды.
Озық технологиялармен жабдықталған
және оқу процесінде белсенді қолда-
ныстағы екі нысан да қонақтардың үлкен
қызығушылығын тудыруды. Бұл кездесу
университеттің қызметі мен техникалық
жабдықталуын бағалауға мүмкіндік берді.

Еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны - Абай атындағы ҚазҰПУ-да жаңа оқу жылына қызыу дайындық жүріп жатқанын айта кеткен жөн. Қазіргі уақытта оқуғимардаттары мен жатақханаларды қайтада

жаңарту, оқу аудиториялары мен көвор
кинг-орталықтарын жаңа құрылғылар
мен және жиңіздармен жабдықтандыру
оқытушылар мен студенттерге қолайлы
жағдай жасау үшін барлық процестерді
цифрландыру, сондай-ақ бүкіл университеттік
ситет кешенін жаңғырту жұмыстарын
жадауда.

«Өткен жылы 3500 студентті жатак ханадан орынмен қамтамасыз ет арқылы олардың түрғын уй жағдайы

жақсарттық. Жаңа оқу жылында да біз студенттерді жатақханалармен қамтамасыз етуге дайынбыз, ол үшін оқуғимаратын жатақхана етіп қайта құру жоспарлануда, жатақханалар салу үшін инвесторлар іздестірілуде. Барлық жеті институттың инфрақұрылымын дамытуға және оқу процесін жаңғыртуға үлкен мән береміз, бұл біздің студенттердің қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға мүмкіндік береді", - деді Д.Біләлов.

«Қазіргі таңда жатақхана тапшылығын шешу мақсатында үш бағыт бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Біріншісі - құрылымдық бағыты. Студенттер үйін салу үшін субсидиялық нормативтер өзгертуілді. Қазір жеке меншік құрылымы компанияларымен белсенді турде жұмыс істеп жатырмыйз. Екінші бағыт - хостелдермен, қонақүйлермен арнаіны келісімшартқа отыру. Бүгінде Алматы қаласында 60-қа жуық хостелмен келісімшартқа қол қойылды. Ушінші бағыт бойынша әр университетте ахуалдық орталық құрылымып, белсенді жұмыс істеп жатыр» деді мінінстро.

жұмыс істеп жатыр», - деді министр.

Сонымен қатар С.Нұрбек университет басшыларына тамыздың 15-не дейін жатақханалардағы жөндеу жұмыстарын сапалы аяқтап, хостелдардағы санитарлық талаптарды тексеруді және әр студенттің қауіпсіздігіне жіті назар аударуды тапсырды.

Қоғаммен байланыс департаменті

ҰЛКЕН МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕГЕҢ ЖОЛДАУ

Президент өз жолдауының соңында «Даму жолымыз әрдайым төп-тегіс, даңғыл болмайды. Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтіп жибермейді. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға туіс. Жалпы, халқымыздың осындан дағдарыс кезінде біртұтас болуы керек»-деді.

Демократиялық бағытқа сене отырып Ұлттық құндылылыққа арқа сүйеуіміз керек екені айқын, өз дүниетанымыздың жемісіне қандай өшпендейділік болуы мүмкін. Отбасылық тәрбиенің де олқы кеткенін мойындаған жөн. Намысшыл, сезімталдығымыз, мінез-құлық жағынан алғанда асыл текті әрі кең пейілді мызығымас күшке ие, діні, ділі мен Отанына деген ынта-ықыластары кімге болмасын жігер беретін үлт емес пе едік?!

Білім саласына келетін болсақ, бұқараландыру, имандылық, рухани тәрбие жағын қолға алған жөн. Имандылық - бұл сөз жүзінде емес, іс жүзінде мына негіздерді мойындаپ, бекіту: әрбір бала қоғамның жоғары алеуметтік байлығы, сондықтан онда азamatтық, жоғары парасаттылық, ақылдылық, адамгершілік пен дене тән сулуптың саласын, адам баласының өзі қоршаған табиғатпен етепе байланыста екендігін бойына сіңіру парызымыз. Мектеп (оқу орны) әмір жүргізетін жер емес, ақыл парасат билігі үстемдік жасау керек. Оқу орындарды ата-аналармен, ардағер ұстаздармен біте қайнасып жұмыла жұмыс жасауы керек. Кейінгі кезде отбасы тәрбиесінде олқылық, кеткенін мойындағанымыз жөн. Ақпараттық желілері, интернет әлемі жастарды баулат алып көптеген теріс бағыттар енуде. Бул мәселені де

жастардың орталық мәдениеттегі төрле салынғыштар сабактарда да көзделеуден де ескергенжөн.

ҚР Оқу ағарту министрлігі жаңында Ардагерлер кеңесінің құрылуы құптастының іс. Бұлдіршіндерді балабақшаға, жас балаларды мектепке, жастарды жоғары оқу орнына артып қоймай, бірлесе ата, әже, ата-ана қасиетті отбасы тәрбиесіне көніл белейік. Улken бұны, кіші бұны арасынан жік түсірмей жағдай жасалып көрек, ойдауды жүзеге асыратын осы бүгінгі Ұлттық құндылықты жүзеге асыру міндептіміз. Бұл тарапта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі қомақты істер колға алынған

Ұлы Мұханың - Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің, ұлы үстаздың өзінен кезінде бес деңгә баға алған Зекенің - Зейнолла үстазымыздың, бізге ең алғаш өзін дәрісін бастағанда айтқан осынау отты сезін жүрек үясына қондырып, көңіл тарағысында безбендең, қызметтік кезеңдерінде үлгі етіп үстанған Тұрсынбек дос әуелден үстаздыққа бейім азamat болатын. Алғашқы таныстықтан бері араға түскен елу үш жылдан бермен қарай біз, курстастары, оның ұлағатты үстаз болатынына шәк келтірген емеспі. Жүрісінің өзі көзі танадай, өркеші баладай бурышының құз келгендері көркем жүрісіндегі болып, сабырмен санағасып, ежелден жақсымен қанаттасып, санамен сабақтасып, ауылдан енді келіп, аузымен айналаны тындаған балаң да аңқаулау біздерге ол алдымыздарға аға сиқты, өкшесі таймас таға секілді болып көрінген-лі.

Осы мақаланы жазу үстінде Зекенді – Зейнолла Қабдолотовтың үстаздық туралы сөзін еске алғандықтан да болар, оның ақын Сырбай Мәуленов туралы жазған бір мақаласының бастануы жадыма жалғаса кетті. Онда мен «Лениншіл жас» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің мемгерушісі болатынын. Сырбай ақынның мерейтойына байланысты ол туралы мақала жазуды Зейнолла ағадан етінген болатынбыз. Зекен телефон шалып, мақаланың дайын екендігін, үйден келіп алып кету керектігін айтты. Айтылған үақытта үстаздың үйіне барып, маржандай тізілген қолтаң-басы зергерден жаңа шыққан өрнектей болған мақаланы алып, автобусқа отырдым да, жол үстінде ашып оқи бастадым. «Құдай-ау, орыстың әдебиет сынышысы Антоновтың ақын Фет туралы жазған мақаласындағы «Осы бер деңесін еғезердей, орыстың орманынан шыға келген аюдай денелі ақынның қай жерінен нәп-нәзік лирика шығады деп таңғалумен отырамын» деген сөзі Сырбай Мәуленовті көргенде есіме туследі де тұрады» деп төгілткен екен Зекен. Зекен айтқандай, бәрімізге қарағанда денелі, жүріс-түркеси палуаннан дәмелі Тұрсынбектің жайлайудан соққан самалдай, ажары нұрлы жамалдай әзіл-қалжыны қай жерінен шыға береді деп таңданатынным да бар. Қалжыңың кезіндегі қызы-қыркынға, қазіргі құрдас көліншектерге майдай жағатын болғасын дұлы орта дүркіреп сала береді. Бұл жігіт жанының кеңдігі, сөз байлығының молдыры, сөз мергеннің ондыры. Қай ортада да Тұрсынбектің дауысы басым шығып жатады. Толғап сөйлейді, үлттық дәстүрді қорғап сейлейді.

Сейтсек, бойы бұлғаң, сөзі нүрдән бұл ботатірексек бозбала бәрімізден кіші болып шықты. Сөзінің тұжырымы мақал, тілінің тамыры мәтәл, тірегі тәмсіл, шындығы шамшыл Тұрсынбек алғашқы саттан бастал-ақ дулы орта, думанышын топта «қой асығы демециз, қолға жақса сақа ғой» дегендей, төбе бидей болып терге оза бастады. Ұстаздарымыз да үғынтал студентті ұната бастады. Әсірепе бәріміз жақсы көретін жарқын міnez ұстазымыз Рекен – академик Рымғали Нұргали үйіріліп ұстінен түсіп, азелі мәндес, жүре келе дәмдес, сатті сапарда жерлес, ой сүйрганда елдес болып шыға келді. Осылайша, ұзақ жылдардың ұстаздық ұлағаты бойынша әзі дә профессор деген парасатты атакты қанжығасына байлады. Аудиторияны аузына қарат-кан дүрдегей дәріскер атанды.

Осы жерде айта кетпесек сөздің атасы өлгендей болар, Рекен – Рымғали аға біздің курсты етene жақсы көріп, елгезек пейіл танытып, жатақханаға жиі келіп, бізбен бірге студенттік қара шайды терлеп ішіп, терісін кеңейген тұста сыры мен мұнын да жайып салатын жайға жетті. Абақты басып жатқан ақтаңдақтарды аршу бағытындағы азаматтық ұстанымын жан-жакты жайып салмаса да, ретті жерінде там-тұмдад жеткізіп, тіпті кейде ашыла сейілеп, Алашорданың тар жол, тайғақ кешүін, қапыда кеткен азаттықтың аңсарын жас жүректерге жеткізіп бақты. Әдеби қауымның аузында: «Шерағаның шекпенінен шықтық» деген тіркес бар

және жүзеге асырылуда.

Жолдауда көтерілген жер, су, экологиялық тәрбие мәселе сінде табиаттың қамқор болу - адамзат баласының аbzal парызы. Балықта су, құкса ауа, аңғар, орман, тоғай, тау, дала қандай қажет болса, адам баласы үшін Отан деңгээлде

Басы 1-3 бетт

УНИВЕРСИТЕТ ШЕЖІРЕСІ

- Осы 1959 жылдан бастап институт басшысының лауазымы енді директор емес, «ректор» деп аталағы болды.
 - 1968 жылы 31 қазанда Абай атындағы ҚазМПИ өзінің 40 жылдық мерейтойы қарсаңында республика мектептері үшін мұғалімдер мен ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлауда сінірген еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.
 - 1973 жылы 16 қаңтарда институт атауы Қазақ КСР Оқу министрлігіне қарасты Абай атындағы Қазақ педагогика институты (ҚазПИ) болып өзгерді.
 - 1974 жылы институттың ғылыми-өндірістік жұмысын үйімдестіру және тиімді басқару мақсатында ғылыми-зерттеу бөлімі құрылды.
 - 1974 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің жарты ғасырлық мерейтойы қарсаңында түңыш рет 6 бөлімнен тұратын институт тарихының мұражайы ашылды.
 - 1978 жылы 12 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы бойнша педагогикалық мамандарды даярлау және тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстары мен жетістіктері үшін Абай атындағы Қазақ педагогика институты «Еңбек Қызыл Тү» орденімен марапатталды.
 - 1980-1986 жылдар институт басшылығының (ректор Құлжабай Қасымов) жас мамандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына ерекше көңіл бөліп, А.Пушкин көшесі мен Төле би көшесінің қызылысынан және Айнабұлақ-3 ықшам аудаңынан түрғын үй салдырумен есте қалды.
 - 1986 жылғы әйгілі Желтоқсан кетерлісі кезінде Орталық алаңда немесе басқа да жағдайлармен құқық қорғау органдарының қолына түсіп қалған институт студенттері мен оқытушылары жазықсыз жапа шекті, сөгіс алды, оқудан шығарылды, жазаланды. Соның ішінде жазықсыз қызметтөн қыуылған Абай атындағы ҚазПИ-дің ректоры Құлжабай Қасымовта бар еди.
 - 1990 жылы ҚазПИ «университет» мәртебесінде қайта құрылып, Абай атындағы Еңбек Қызыл Тү орденді Қазақ Мемлекеттік университетті болып өзгерді.
 - 1992 жылы оқу орны Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетті болып классикалық үлгіде қайтадан құрылды.
 - 2003 жылы Алматы Мемлекеттік университеттің реформа жасалып, ол Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетті болып «ұлттық» мәртебеге ие болды.
 - 2005 жылы оқу сапасында үздік көрсеткішке жетіп, IQNet Халықаралық сәйкестік сертификатына ие болды.
 - 2007 жылы ҚазҰПУ-і әлемдегі 150 елдің таңдаулы оқу орындарының басын біріктіріп отырған Университеттердің Дүниежүзілік үйімінде енді, сондай-ақ Университеттердің Халықаралық және Еуропалық үйімдарына мүше болды.
 - 2007 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-і Балон Университетінде(Италия) Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды.
 - 2007 жылы жоғары білім көшбасшылырының Оксфордтағы саммитінде (Ұлыбритания) Абай Университетіне «Біріккен Еуропа» және «Еуропалық сапа» халақаралық марапаттар берілді.
 - 2007 жылы «Сапа саласындағы жетістігі үшін» Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы тапсырылды.
 - 2014 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-і жанынан 800 жылдан астам тарихы бар Париждегі әйгілі Сорбонна институтының бөлімшесі (Сорбонна-Қазақстан институты) ашылды. Оның тұсауексер рәсімінен екі мемлекеттің – Қазақстан және Франция елдерінің Президенттері қатысты.
 - 2017 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-інің ішкі құрылымында бірқатар өзгерістер енгіліл, бұрынғы факультеттер «институт» болып қайта құрылды. Қазіргі таңда оқу орында 7 институт жұмыс істейді. Олар – Филология және көптілді білім беру институты, Жаратылыстану және география институты, Математика, физика және информатика институты, Педагогика және психология институты, Тарих және құқық институты, Өнер, мәдениет және спорт институты, Сорбонна-Қазақстан институты.
 - 2019 жылы университет Ғылыми кеңесінің шешімімен Абай атындағы ҚазҰПУ-ды халықаралық аренадағы беделін арттыру мақсатында «Абай Университеті» – «Abai University» атауға өзгерді, сондай-ақ Университеттің жаңа логотипін көйтілді.
 - 2023 жылғы Ұлттық рейтингі бойынша Абай Университетті педагогикалық жоғары оқу орындары арасында көшбасшы оқу орны, әлемнің үздік ТОП-500 Университеттерінің қатарына және QS World University Rankings рейтингісіне енді. Қазіргі таңда Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның арнаулы ранжирлеуінде 30 елге қарасты 200 үздік Университеттің бел ортасында тұр.

Өтөгөн ОРАЛБАЙҰЛ

